



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

2017 жылғы 19 мамыр

2017 жылғы 1-тоқсанда микроқаржы ұйымдарының іс-әрекетінде анықталған бұзушылықтар туралы

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі 2017 жылғы 3 айдың қорытындысы бойынша микроқаржы ұйымдары (бұдан әрі – МҚҰ) жиі жол беретін қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтары мен заңды мүдделерін бұзушылықтарға мониторинг және талдау жүргізді.

Жүргізілген талдау нәтижесі бойынша есепті кезеңде:

- тоқсандық есептілікті ұсынбау, уақтылы ұсынбау;
- Микрокредитті беру туралы шарттың ҚР заңнамасының талаптарына сәйкес келмеуі;
- бір қарыз алушыға берілетін қарыздың сегіз мың еселік мөлшердегі қарыздан асып кетуі;
- микроқаржы ұйымдарының уәкілетті органның микрокредиттік өнімдерді бекітуі туралы хабарламаны ұсынбауы, уақтылы ұсынбауы түріндегі бұзушылықтарға жол берілгені анықталды.

Сонымен бірге есепті кезеңде анықталған бұзушылықтардың қорытындысы бойынша:

- 1 МҚҰ-ға айыппұл салу және өндіріп алу түрінде санкция қолданылды;
- 9 МҚҰ-ға 12 шектеулі ықпал ету шарасы қабылданды, оның ішінде 8 жазбаша ұйғарым, 3 жазбаша ескерту және 1 жазбаша келісім.

МҚҰ-ның жұмыс істеп тұрған және сол сияқты әлеуетті клиенттерінің заңды құқықтары мен мүддесінің бұзылмауына жол бермеу мақсатында Ұлттық Банк төмендегіні түсіндіреді.

1. МҚҰ-ның комиссияларды және өзге төлемдерді алуына, сондай-ақ микрокредитті берумен және қызмет көрсетумен байланысты олардың алуға жататын мөлшерлеріне қатысты.

МҚҰ туралы заңның 4-бабының 2-1-тармағына сәйкес микрокредит беру туралы шартта микрокредит беруге және оған қызмет көрсетуге байланысты алуға жататын комиссиялар мен өзге де төлемдердің толық тізбесі, сондай-ақ олардың мөлшері қамтылады.

2016 жылғы 1 шілдеден бастап жеке тұлғаға берілген (берілетін) және жеке тұлғаның кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруымен байланысты емес банктік қарыздарға және микрокредиттерге қатысты қолданыста болатын сыйақының жылдық тиімді мөлшерін есептеу кезінде ескерілетін жеке тұлғаға берілетін банктік қарызға және микрокредитті

беруге және қызмет көрсетуге байланысты комиссиялардың және өзге төлемдердің нақты тізбесі¹ қолданылатындығын атап өтеміз.

АҚҰ әлеуетті қарыз алушыларын шатыстыру фактісін болдырмау және ҚР қолданыстағы заңнамасының талаптарын сақтау мақсатында МҚҰ микрокредитті беруге және қызмет көрсетуге байланысты алынатын комиссиялардың тізбесін және олардың мөлшерін көрсету және сәйкес келтіру қажет.

Осылайша, МҚҰ микрокредитті беру туралы шартта көзделген комиссиялар мен тарифтерді алуға құқылы.

2. Микрокредиттер бойынша шекті ЖТСМ-ге қатысты

МҚҰ туралы заңның 5-бабында микрокредитті бергені, оған қызмет көрсеткені және оны өтегені (қайтарғаны) үшін микроқаржы ұйымына төленуге жататын сыйақыны, олар бар болса – комиссиялық және өзге де төлемдерді қамтитын, қарыз алушының шығыстарын ескере отырып есептелетін, микрокредит бойынша анық, жылдық, тиімді, салыстырмалы түрде есептелген сыйақы мөлшерлемесі ЖТСМ болып табылатыны белгіленген.

Бұл ретте № 377² қаулымен екінші деңгейдегі банктер, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар, микроқаржы және микрокредиттік ұйымдар мен кредиттік серіктестіктер беретін банк қарыздары бойынша банк қарызы шартын, микрокредит беру туралы шартты, кредиттік шартты жасау, банк қарызын, микрокредитті немесе кредитті берумен және қызмет көрсетумен байланысты сыйақы мөлшерлемесі өзгерген және (немесе) комиссиялар мен өзге төлемдер өзгерген немесе жаңадан енгізілген кезде шекті ЖТСМ 56 (елу алты) пайыздан аспайтындығы айқындалған.

Микрокредит бойынша ЖТСМ мөлшері уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде айқындалған мөлшерден аспауға тиіс.

3. Микрокредитті өтеудің кезектілігіне қатысты

2015 жылғы 24 қарашадағы заңмен МҚҰ туралы заңның 6-бабы 1-1-тармақпен толықтырылды, оған сәйкес жеке тұлғамен жасалған микрокредит беру туралы шарт бойынша қарыз алушының жүргізген төлем сомасы, егер бұл қарыз алушының микрокредит беру туралы шарт бойынша міндеттемелерін орындау үшін жеткіліксіз болса, қарыз алушының берешегін өтеу кезектілігі көзделген.

МҚҰ туралы заңның 6-бабы 1-1-тармағының мазмұнына сәйкес заңнама нормаларының олардың тура мағынасы сөзбе-сөз мағынасына сәйкес түсіндірілуге тиіс екенін ескере отырып, жеке тұлғамен жасалған микрокредит беру туралы шарт бойынша төлемдер (өтеу) кезектілігінің тәртібі сот шешімі бойынша сот орындаушысы өндіріп алатын төлемдерге қолданылмайды деп есептейміз.

Бұл тармақтың талаптары 2016 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізілді және бұрын жасалған шарттардан қолданысқа енгізілген күннен бастап туындаған құқықтық қарым-қатыстарға қолданылады.

МҚҰ туралы заң нормасының редакциясына сәйкес микрокредиттер бойынша ерекшеліктер көзделмеген.

¹ «Жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесін есептеу кезінде ескерілетін, жеке тұлғаға берілген банктік қарыз және микрокредит беруге және оларға қызмет көрсетуге байланысты комиссиялар мен өзге де төлемдердің тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 30 мамырдағы № 134 қаулысы

² «Сыйақының жылдық тиімді мөлшерлемесінің шекті мөлшерін бекіту туралы» ҚР ҰБ Басқармасының 2012 жылғы 24 желтоқсандағы № 377 қаулысы

Осылайша, қарыз алушының Шарт бойынша міндеттемелері МҚҰ туралы заңның 6-бабы 1-1-тармағында айқындалған кезектілікке сәйкес өтеледі.

Қаржылық қызметтерді тұтынушыларға Құқықтарыңыз бұзылған жағдайда:

✓ Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне:

мына мекенжай бойынша: 050000, Алматы қ., Әйтеке би к-сі, 67, e-mail: info@kzp.nationalbank.kz жазбаша;

құқықтық көмек алу үшін, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің мына мекенжайдағы Қоғамдық қабылдау бөлмесіне: Алматы қ., Әйтеке би к-сі, 67, анықтамалар үшін телефондар +7(727)2619213, +7(727) 2788104, ішкі 2061;

Ұлттық Банктің Қоғамдық қабылдауының мобильдік нұсқасының бір түрі болып табылатын «ҚҰБ Online» мобильдік қосымшасының «Қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау» бөліміне («ҚҰБ Online» мобильді қосымшасы App Store және Play Market дүкендерінде мемлекеттік және орыс тілдерінде көшіру үшін қол жетімді)

✓ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің филиалдарына (Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің www.nationalbank.kz сайтында, Қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау [бөлімінде](#) көрсетілген мекенжай бойынша) өтініш білдіруге құқықтарыңыздың бар екенін ескертеміз.

Толығырақ ақпаратты мына телефон бойынша алуға болады:

+7 (727) 270 45 85

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz